

**«Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

БҰЙРЫҚ

4 мамыр 2020 жыл

№ 47 н/к

Жаркент қаласы

**Аралық аттестаттауды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы(25.09.2018 ж. №494 өзгертулермен), «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2019-2020 оқу жылының ІІ жартыжылдығына арналған аралық аттестаттау кестесі жасалынып бекітілсін(Жауапты:С.Агимов);
2. Бақылау, сынақ, емтихан кестесі мен коцультация сабақтары EduPage платформасына енгізілсін(Жауапты:С.Агимов, Е.Сағат);
3. Сынақ және емтихан кәсіптік модульдерді қамтитын кешенді тестілеу нысанында, бақылау тапсырма орындау(жазбаша) түрінде өткізілсін.
4. Сынақ, емтихан кәсіптік модульдерді қамтитын кешенді тестілеу нысанында өткізілсін.
5. Сынақ тестілеуінің құрылымы жалпы пәндер үшін 30 сұрақ, арнайы пәндер үшін 40 сұрақтан тұратын І нұсқа, емтихан тестілеуінің құрылымы жалпы пәндер үшін 50 сұрақ, арнайы пәндер үшін 60 сұрақтан тұратын І нұсқа болып бекітілсін.
6. Аралық аттестаттауға арналған тестілеу тапсырмаларын әзірлеуге емтихан алушы(пәнді жүргізетін педагог) жауапты .
7. Тест тапсырмаларын талапқа сай жасау бойынша пән оқытушыларына әдістемелік көмек ұйымдастырылсын (Жауапты: К.Курабалдиева, Ж.Бағдаулет);
8. Топтар арасында елімізде орын алған жағдайға байланысты қашықтықтан оқыту жағдайында емтиханды жүргізу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (Жауапты: топ кураторлары);
9. Топтардың іс-құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау бойынша комиссия құрамы бекітілсін(Жауапты: Ж.Рахметжанова).

Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Негіздеме : Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы

Директор



Б.Саурамбаева